Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 3 маусым № 4712-24-00-2/1847 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ЖУЗБАЕВА» басшысы Жузбаева Бану Сулейменовнаға

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жауапкер жеке кәсіпкер «ЖУЗБАЕВА» басшысы Жузбаева Бану Сулейменовнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және өсемпұлды өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ЖУЗБАЕВА» басшысы Жузбаева Бану Сулейменовнаны – сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ЖУЗБАЕВА» басшысы Жузбаева Бану Сулейменовнадан Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік

Документ подписан: Аташева А. О., 03.06.2024
Дата вступления в законную силу: 11.07.2024, судья Аташева А. О., 11.07.2024
4712-24-3-1/1583

коммуналдық кәсіпорынның пайдасына 7 140 (жеті мың жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы, 214 (екі жүз он төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «ЖУЗБАЕВА» басшысы Жузбаева Бану Сулейменовнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Документ подписан: Аташева А. О., 03.06.2024

Дата вступления в законную силу: 11.07.2024, Судья Аташева А. О., 11.07.2024

4712-24-3-1/1583